

«Үй жағдайында дамытатын ойындар»

Тәрбиеші Картабекова К.К

2025-2026 оқу жылы

«Үй жағдайында дамытатын ойындар»

1. Тренингтің мақсаты

- Ата-аналарды баланы үй жағдайында дамытудың тиімді ойындарымен таныстыру;
- Қарапайым әрі қолжетімді материалдар арқылы дамытушылық ойын түрлерін көрсету;
- Баланың ойлау, сөйлеу, моторика, эмоциялық қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістерді үйрету.

2. Міндеттері

- Үйде ойналатын дамытушы ойындарға қызығушылық қалыптастыру
- Ата-аналарды ойын арқылы тәрбиелеудің маңыздылығына бағыттау
- Ойын барысында ата-ана–бала қарым-қатынасын нығайту

3. Тренингтің барысы

1-бөлім. Кіріспе (5 минут)

Жүргізуші сөзі:

— Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз сіздермен баланың дамуына өте пайдалы, бірақ қарапайым және кез келген үйде қолдануға болатын ойындармен танысамыз. Баланың дамуындағы ең тиімді әдіс — *ойын*. Себебі бала ойын арқылы үйренеді, зерттейді, ойлайды және тілін дамытады. Қысқаша танысу мақсатында шағын жаттығу орындайық.

* Жаттығу «Балаңыз қандай?»

Әр ата-ана 1 сөзбен өз баласын сипаттайды:

— ақылды, белсенді, сезімтал, қиялшыл, қызығушылықты, т.б.

Жүргізуші тренингтің маңызын атап өтеді.

2-бөлім. «Дамытатын ойындар» тәжірибелік бөлім (20 минут)

Ата-аналар топтарға бөлінеді (3–4 адамнан).

* Ойын №1. «Сикырлы қорап» (3 жастан бастап)

Мақсаты: ұсақ моторика, сөздік қоры

Материалдар: қорап, ішінде тұрмыстық ұсақ заттар (қасық, түйме, қарандаш, жұмсақ ойыншық)

Ойын:

Бала қораптан қолын салып, затты сипап танып табуы керек.

Сұрақтар: «Бұл не? Не үшін қолданылады?»

* Ойын №2. «Суретті аяқта»

Мақсаты: қиял мен шығармашылық

Материалдар: жартылай салынған суреттер (жарты шеңбер, сызықтар)

Ойын:

Бала суретті өз ойынша толықтырады.

Мысалы: жарты шеңбер — күн, доп, гүл т.б.

* Ойын №3. «Түстерді сәйкестендір»

Мақсаты: түстерді ажырату, логикалық ойлау

Материалдар: түрлі түсті қақпақтар, карточкалар

Ойын:

Бала түстерді сәйкестендіреді, реңктерін ажыратады.

* Ойын №4. «Үйдегі математик»

Мақсаты: санды түсіну, логикалық ой

Таңдаулы тапсырмалар:

- Қасықтарды сана

- Үлкен–кіші заттарды салыстыр
- Ас бөлмедегі заттарды топтастыру

★ Ойын №5. «Сөйлемді аяқта»

Мақсаты: тіл дамыту, байланыстырып сөйлеу

Тапсырма: ата-ана сөйлем бастайды, бала аяқтайды.

Мысалы: «Күн шыққанда...», «Жанбыр жауса...»

★ Ойын №6. «Жүйрік саусақтар»

Мақсаты: ұсақ моторика, сөйлеу

Жаттығулар:

- саусақ гимнастикасы
- түйме тізу
- қағаз умаждау
- жіпті моншақтан өткізу